



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**№2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ**

«Тауарды кейіннен үшінші тұлғаға сату талаптарымен коммерциялық кредит беру жолымен сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру шеңберінде тауарды сатып алу және сату жүргізілетін халықаралық тауар биржаларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 шілдедегі № 584 қаулысы туралы

2015 жылғы 05 тамыз

Алматы қ.

2015 жылғы 24 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Тауарды кейіннен үшінші тұлғаға сату талаптарымен коммерциялық кредит беру жолымен сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру шеңберінде тауарды сатып алу және сату жүргізілетін халықаралық тауар биржаларының тізбесін бекіту туралы» қаулы (бұдан әрі – Қаулы) қабылдады.

Қаулы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 52-12-бабының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен толықтырылған нормаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

Қаулының қабылдануы нәтижесінде исламдық банктерге «тауар мұрабахасы» операциясын жүзеге асыру жолымен шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мүмкіндігі беріледі.

Қаулының жобасын қабылдауға байланысты құқықтық салдар болжанбайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz